

"Сарыағаш ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" Сарыағаш ауданы әкімінің 2011 жылғы 21 қарашадағы № 75 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімінің 2015 жылғы 26 қазандағы № 53 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 қазанда № 3389 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 97 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімінің 31.10.2018 № 97 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 23 бабының 1-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабының 2-тармағына сәйкес Сарыағаш ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарыағаш ауданы әкімінің 2011 жылғы 21 қарашадағы № 75 "Сарыағаш ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14-11-176 тіркелген, 2011 жылғы 16 желтоқсанда "Сарыағаш" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Ж.Алсеитовке жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Парманов

"КЕЛІСІЛДІ"

Сарыағаш аудандық

аумақтық сайлау

комиссиясының төрағасы

А.Жұмасай

"26" қазан 2015 жыл.

Сарыағаш ауданы бойынша сайлау учаскелерінің тізбесі

№ 656 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақжар ауылдық округі, Ақжар ауылы, Д.Қонаев көшесі, № 7, № 28 Абылайхан атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Ақжар ауылы О.Тұрғанбек, М.Мамедова, Ғ.Мұратбаев, Бақтыбай ата, И.Панфилов, Балықбай ата, Жамбыл, Ешмат ата, Батырхан ата көшелері толығымен, Жаңа құрылыс-1, Жаңа құрылыс-2 учаскелері толығымен.

№ 657 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақжар ауылдық округі, Бағыс ауылы, Егеменді көшесі, нөмірсіз, № 23 Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Бағыс ауылы толығымен.

№ 658 сайлау учаскесі

Орталығы: Дербісек ауылдық округі, Дербісек ауылы, Д.Ордабаев көшесі, № 20, № 31 Т.Бигелдинов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Дербісек ауылы Қожагелді ата, Дулат ата, Ж.Жұматаев, Ғ.Муратбаев, Жамбыл, Б.Бектасов, Қ.Пиралиев, Шабанәлі, Р.Сейтимбетов көшелері толығымен, Н.Шоңғара ата көшесі № 1-95 үйлер, Н.Түктібай ата көшесі № 2-36 үйлер, Т.Абдрахимов көшесі № 1-45 үйлер, Абай көшесі № 1-36 үйлер.

№ 659 сайлау учаскесі

Орталығы: Дербісек ауылдық округі, Дербісек ауылы, Т.Абдрахимов көшесі, № 89, № 11 М.Окороков атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Дербісек ауылы А.Құралов, Жастар, О.Жандосов, Қажымұқан, Қ.Сатпаев, С.Сейфуллин, О.Мамбетов, Н.Абдиров, А.Оразбаева, А.Рахметов, С.Садыков, Ә.Тоқтыбаев, Амангелді, Б.Момышұлы көшелері толығымен, Н.Түктібай ата көшесі № 1-35 үйлер, Абай көшесі № 37-102 үйлер, Т.Абдрахимов көшесі № 46-108 үйлер.

№ 660 сайлау учаскесі

Орталығы: Дербісек ауылдық округі, Дербісек ауылы, Әкімбаевтар көшесі, № 26, № 22 Елшібек батыр атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Дербісек ауылы Ә.Молдағұлова, М.Маметова, Л.Қабылбеков, Б.Омарханов, О.Мергенбаев, И.Жүнісбеков, Әкімбаевтар, Г.Бекжанов,

Б.Тұрдықұл, Е.Артықбай, Т.Шонабай, М.Ауезов, С.Мұқанов, Бейбітшілік көшелері толығымен, Н.Шоңғара ата көшесі № 2-94 үйлер.

№ 661 сайлау учаскесі

Орталығы: Жемісті ауылдық округі, Жемісті ауылы, Бейбітшілік көшесі, № 13, № 14 Алыбай батыр атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Жемісті ауылы толығымен.

№ 662 сайлау учаскесі

Орталығы: Қабланбек ауылдық округі, Қабланбек ауылы, М.Өзтүрік көшесі, № 5-а, № 13 Қазақ ССР-нің 50 жылдығы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Қабланбек ауылы Балдаурен, Д.Қонаев, Абай, Амангелді, Ы.Алтынсарин, Жағалау, Маусым, Әйтеке би, А.Молдағұлова, Қазақстан, Шымкент, А.Сүлейменов, С.Рахимов, Т.Бигельдинов, Ж.Борашев, Тәуелсіздіктің 20 жылдығы, М.Мақатаев көшелері толығымен, Тыңтөбе ауылы толығымен.

№ 663 сайлау учаскесі

Орталығы: Қабланбек ауылдық округі, Тасқұлақ ауылы, Тасқұлақ көшесі, № 32, № 52 М.Өтемісұлы атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Тасқұлақ, Зах ауылдары толығымен.

№ 664 сайлау учаскесі

Орталығы: Қабланбек ауылдық округі, Қанағат ауылы, Ж.Ешов көшесі, нөмірсіз, № 7 Төлеби атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Қанағат, Жонарық ауылдары толығымен.

№ 665 сайлау учаскесі

Орталығы: Қабланбек ауылдық округі, Сіргелі ауылы, М.Есқұлов көшесі, № 20, № 36 Қ.Тоқмұхамедов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Сіргелі ауылы толығымен.

№ 666 сайлау учаскесі

Орталығы: Қызылжар ауылдық округі, Қызылжар ауылы, Х.Оралов көшесі, № 128, № 82 Ж.Жабаев атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Қызылжар ауылы Сақыбек-ата, Ш.Құдайбердіұлы, Д.Қонаев, Мекенбай-ата, Т.Балабеков, А.Молдағұлова, Д.Нұрпейсова, Т.Рысқұлов, О.Есенбеков, І.Жансүгіров, А.Орақұлы, Балғабек-ата, Абдіхайым-ата, Баубақша, С.Мұқанов, Назар-ата көшелері толығымен, Ахмет би көшесі № 54-115 үйлер, Пошан Датқа көшесі № 25-195 үйлер, Х.Оралов көшесі № 113-185 үйлер.

№ 667 сайлау учаскесі

Орталығы: Қызылжар ауылдық округі, Жаскешу ауылы, Б.Майлин көшесі, нөмірсіз, № 37 Б.Майлин атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Жаскешу ауылы толығымен.

№ 668 сайлау учаскесі

Орталығы: Жібек жолы ауылдық округі, Жібек жолы ауылы, К.Умаров көшесі, нөмірсіз, № 58 Ә.Марғұлан атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Жібек жолы ауылы Жетіасыл, Базар жырау, Е.Бекмырзаев, Амангелді, Е.Досанов, Сарыдала, Т.Иристанов, Өзбек, И.Қарақұлов, Достық, Ұлан көшелері толығымен, А.Ақбердиев көшесі № 14-а, 20, 24, 28, 30а, 32, 49 үйлер.

№ 669 сайлау учаскесі

Орталығы: Жібек жолы ауылдық округі, Жібек жолы ауылы, О.Кемпреков көшесі, нөмірсіз, № 20 Амангелді атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Жібек жолы ауылы К.Омаров, А.Өкшебаев, Жаңақұрылыс, И.Бабакулов, Бейбітшілік, М.Қалдыбаев, О.Кемпреков, С.Мауленов, Д.Қонаев, Абай, Жастар көшелері толығымен, А.Ақбердиев көшесі № 5, 15, 19, 21, 41, 61 үйлер.

№ 670 сайлау учаскесі

Орталығы: Жібек жолы ауылдық округі, Зортөбе ауылы, Қожахан көшесі, нөмірсіз, № 18 Абай атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Зортөбе ауылы толығымен.

№ 671 сайлау учаскесі

Орталығы: Жібек жолы ауылдық округі, Жаңақұрылыс ауылы, Т.Ботабеков, көшесі, № 7, № 24 Ж.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Жаңақұрылыс, Қарабау ауылдары толығымен.

№ 672 сайлау учаскесі

Орталығы: Жібек жолы ауылдық округі, Жаңа тұрмыс ауылы, № 53 М.Ғабдуллин атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Жаңа тұрмыс ауылы толығымен.

№ 673 сайлау учаскесі

Орталығы: Жібек жолы ауылдық округі, Дихан баба ауылы, Е.Бектұрғанов көшесі № 27, № 17 Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Дихан баба ауылы толығымен, Жібек жолы ауылы Шұғыла, А.Ерназаров көшелері толығымен, "МТФ" учаскесі толығымен.

№ 674 сайлау учаскесі

Орталығы: Жібек жолы ауылдық округі, Сарқырама ауылы, Төлеби көшесі, нөмірсіз № 51 Т.Рысқұлов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Сарқырама ауылы толығымен.

№ 675 сайлау учаскесі

Орталығы: Сарыағаш қаласы, Әйтеке би көшесі, № 159, № 12 колледжінің ғимараты.

Шекарасы: А.Асаубаев көшесі № 1-24 үйлер, А.Бектұрсынов, 9-мамыр, Жаңа-тұрмыс, Жеңістің 45 жылдығы, Ы.Шымкентбаев, Оразалы ата, Ю.Гагарин,

М.Қалжігітов, Қ.Дүйсебаев, М.Шоқай, А.Бөкейхан, Б.Қасымбеков, Қ.Сандыбаев, Өркениет, Достар, Келешек, Астана, Тәуелсіздіктің 20 жылдығы, Т.Оспанов, Телемунара көшелері толығымен, Б.Қасымбеков көшесі №3, 4 көп қабатты үйлер

№ 676 сайлау учаскесі

Орталығы: Сарыағаш қаласы, Т.Тұрсынқұлов көшесі, № 43, № 2 А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Т.Тұрсынқұлов көшесі тақ санмен белгіленген №1-51 үйлер, Б.Оспанов, Ә.Жангельдин, Қ.Сәтпаев, Е.Құлтаев, Ш.Уалиханов, Амангелді, М.Алишев, А.Шарипов, К.Сапарбаев, Н.Абдиров, С.Әлімбаев, Қ.Шоланбаев, Б.Момышұлы, Б.Қайсарбеков, М.Пердебеков, М.Шораұлы, Исаұлы Құрал көшелері толығымен, С.Исмаилов көшесі тақ санмен белгіленген № 93-137 үйлер және жұп санмен белгіленген № 122-162 үйлер.

№ 677 сайлау учаскесі

Орталығы: Сарыағаш қаласы, С.Исмаилов көшесі, № 122, № 1 М.Әуезов атындағы мектеп-гимназиясының ғимараты.

Шекарасы: Әйтеке би көшесі № 1-161 үйлер, С.Исмаилов көшесі тақ санмен белгіленген № 85-91 үйлер және жұп санмен белгіленген 106-120 үйлер, Б.Ермеков көшесі № 46-154 үйлер, Алматы көшесі № 21-60 үйлер, А.Абдыхалыков көшесі № 31-81 үйлер, Қ.Тасбалтаев, Бостандық, М.Шымкентбайұлы, Төле би, Алтай, Қ.Бегімқұлов, І.Ахметов, Абай, Кескен, А.Архабаев, Қазына, А.Ақжолов, Береке, Шапағат, Алтынтөбе, Көктем, Б.Мекенбаев, М.Рүстемов, Х.Саудаашұлы, М.Өскенов, Т.Көкебаев көшелері толығымен, "СТОВАЗ" учаскесі толығымен.

№ 678 сайлау учаскесі

Орталығы: Сарыағаш қаласы, С.Исмаилов көшесі, 63, № 3 М.Ломоносов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Т.Уманов, Түркістан, Жамбыл, Ө.Көпжасаров, Бірлік, Ә.Омаров, А.Аралбеков, Х.Жусипов, Қазыбек би, Әбдіұлы Сапарбай, Нұр-Отан көшелері толығымен, С.Исмаилов көшесі тақ санмен белгіленген № 1-83 үйлер және жұп санмен белгіленген № 2-104 үйлер, А.Абдыхалыков көшесі № 1-30 үйлер, Алматы көшесі № 1-20 үйлер, Б.Ермеков көшесі № 1-45 үйлер, Майлықожа көшесі № 8а, 8б, 9, 11а, 11/1, 11/2, 15/1, 15/2, 15/3, 15/4, 15а, 21, 23а, 23/1-23/4, 25 /1-25/4, 27/1, 27/2 үйлер, С.Дүйсебайұлы көшесі жұп санмен белгіленген № 2-30 үйлер.

№ 679 сайлау учаскесі

Орталығы: Сарыағаш қаласы, Майлықожа көшесі, № 127, № 6 Ж.Аймауытов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Сарыарқа, П.Елібай, Т.Диханбаев, Келес, Т.Үкібаев, Халықтар достығы, С.Мұханов, Ғ.Мұратбаев, 1-мамыр, М.Әуезов, Т.Тоқтаров көшелері толығымен, Майлықожа көшесі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12-14, 15, 16-20, 22-27, 28-34 үйлер, С.Дүйсебайұлы көшесі тақ санмен белгіленген № 1-29 үйлер.

№ 680 сайлау учаскесі

Орталығы: Сарыағаш қаласы, Майлықожа көшесі, № 131, № 71 жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Т.Қасымбеков, Нұрлы жол, С.Сейфуллин, М.Маметова, Т.Ерназаров, Ы.Алтынсарин, Байқоңыр, Сұңқар, Ә.Молдағұлова көшелері толығымен, Майлықожа көшесі № 35-77/4 үйлер, С.Дүйсебайұлы көшесі № 31-127 үйлер.

№ 681 сайлау учаскесі

Орталығы: Сарыағаш қаласы, С.Исмаилов көшесі, № 291, Қаптанбек гуманитарлық- агроэкономикалық колледжінің ғимараты.

Шекарасы: Бұхарбай ата, Малдыбек ата, Қаптанбек, Р.Мусин, Т.Өтебаев, А.Тоқаев, Т.Аубакиров, І.Есенберлин, Байбосын ата, Т.Қабылов, Бәйтерек, Қ.Қалаубаев, Арыстанбаб, А.Қалыбайұлы, Ештай Ақай, Ысқақов Көшербай, Н.Ысқақов, Тараз, Барыс, М.Окороков, С.Рахимов, Болашақ, Қ.Нысанұлы, С.Талипов көшелері толығымен, Шәмші гүлзары толығымен, "МТФ" учаскесі толығымен.

№ 682 сайлау учаскесі

Орталығы: Сарыағаш қаласы, С.Исмаилов көшесі, № 274, Сарыағаш аудандық орталық ауруханасының ғимараты.

Шекарасы: Сарыағаш аудандық орталық аурухананың аумағы.

№ 683 сайлау учаскесі

Орталығы: Сарыағаш қаласы, Қ.Сәтбаев көшесі, № 23, № 10 Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия интернатының ғимараты.

Шекарасы: А.Сүлейменов, О.Жолдасбеков, А.Тоқманбетов, ҚазССР-дің 40 жылдығы, Т.Намазбаев, Т.Сманова, Ж.Тағаев, А.Омаров, А.Шылғаубаев көшелері толығымен, Т.Тұрсынқұлов көшесі жұп санмен белгіленген № 2-42 үйлер, С.Исмаилов көшесі № 139-273 үйлер.

№ 684 сайлау учаскесі

Орталығы: Құркелес ауылдық округі, Дархан ауылы, Ә.Мұса көшесі, № 23, № 33 Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Дархан, Береке ауылдары толығымен.

№ 685 сайлау учаскесі

Орталығы: Құркелес ауылдық округі, Еңкес ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, № 55, № 21 Яссауи атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Еңкес, Құлтума ауылдары толығымен.

№ 686 сайлау учаскесі

Орталығы: Құркелес ауылдық округі, Ақниет ауылы, Қажымұқан көшесі, № 25-а, № 27 Шәкәрім атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Ақниет, Бесқұдық, Келес ауылдары толығымен.

№ 687 сайлау учаскесі

Орталығы: Құркелес ауылдық округі, Құркелес ауылы, Ақбура әулие көшесі, № 120, № 39 Т.Айбергенов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Құркелес ауылы толығымен.

№ 688 сайлау учаскесі

Орталығы: Жарты төбе ауылдық округі, Құрама ауылы, Ш.Қалдаяқов көшесі, нөмірсіз, № 15 Ш.Қалдаяқов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Құрама ауылы толығымен.

№ 689 сайлау учаскесі

Орталығы: Жарты төбе ауылдық округі, Бостандық ауылы, Абылайхан көшесі, нөмірсіз, № 35 Б.Ғафуров атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Бостандық ауылы толығымен.

№ 690 сайлау учаскесі

Орталығы: Жарты төбе ауылдық округі, Ынтымақ ауылы, Ж.Айысұлы көшесі № 2, № 9 С.Майлықожа атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Ынтымақ ауылы О.Өтеген, А.Хасанов, А.Сейдақбар, А.Тұрсынбаев, А.Мансуров, Ю.Гагарин көшелері толығымен, Абылайхан көшесі № 85-143 үйлер, Абай көшесі № 2-36 үйлер, Бесқорған учаскесі толығымен.

№ 691 сайлау учаскесі

Орталығы: Жарты төбе ауылдық округі, Достық ауылы, Тайтелі ата көшесі, нөмірсіз, № 32 Қ.Аманжолов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Достық ауылы Б.Бердімуратов көшесі № 1-19 үйлер, Ғ.Мүсірепов, Дархан, Тәйтелі ата, Т.Аубакиров, І.Жансүгіров, Т.Бигелдинов, А.Тоқмағанбетов, № 1-3 көшелер толығымен.

№ 692 сайлау учаскесі

Орталығы: Көктерек кенті, Ы.Алтынсарин көшесі, нөмірсіз, № 16 И.В.Панфилов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Көктерек кенті толығымен.

№ 693 сайлау учаскесі

Орталығы: Тегісшіл ауылдық округі, Таскескен ауылы, А.Омаров көшесі, нөмірсіз, № 30 С.Торайғыров атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Таскескен, Мәдениет ауылдары толығымен.

№ 694 сайлау учаскесі

Орталығы: Дарбаза ауылдық округі, Дарбаза ауылы, Жабай ата көшесі, № 41, № 70 С.Байгозиев атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Дарбаза ауылы Жабай ата, Алматы, Жолтабар, Аманкелді, И.Панфилов, А.Оразбаева, Қ.Сәтпаев, Теміржолшы, Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, Қажымұхан, С.Торыайғыров, Ғ.Мұратбаев, Қ.Қойкелді, І.Жансүгіров көшелері толығымен, 50-разъезд, 51-разъезд ауылдары толығымен.

№ 695 сайлау учаскесі

Орталығы: Дарбаза ауылдық округі, Тасқұдық ауылы, № 42 Ә.Жангелдин атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Тасқұдық ауылы толығымен.

№ 696 сайлау учаскесі

Орталығы: Дарбаза ауылдық округі, Сарысу ауылы, Шұғыла көшесі, № 42, № 40 Н.Әбдіров атындағы негізгі орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Сарысу ауылы толығымен.

№ 697 сайлау учаскесі

Орталығы: Жылға ауылдық округі, Жылға ауылы, С.Сейфуллин көшесі, нөмірсіз, № 12 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Жылға, Нұрауыл, 49-разъезд, 3-ферма ауылдары толығымен.

№ 698 сайлау учаскесі

Орталығы: Жылға ауылдық округі, Қарақалпақ ауылы, А.Бейсембаев көшесі, № 25, № 26 Т.Өстеміров атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Қарақалпақ, Шайхана ауылдары толығымен.

№ 699 сайлау учаскесі

Орталығы: Жылға ауылдық округі, Шеңгелді ауылы, Құдайсүгір көшесі № 29 , № 57 С.Мұқанов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Шеңгелді ауылы толығымен.

№ 700 сайлау учаскесі

Орталығы: Әлімтау ауылдық округі, Әлімтау ауылы, Ә.Молдағұлова көшесі, нөмірсіз, № 25 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Әлімтау, Жайдаққұдық, Көктал, Тасқұдық ауылдары толығымен.

№ 701 сайлау учаскесі

Орталығы: Абай ауылы, Ә.Сатбаев көшесі, № 4а, № 72 О.Есімов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: С.Баубеков көшесі Д.Қонаев көшесімен қиылысқан жерінен бастап Ә.Сатбаев көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралығы, Ж.Шаяхметов көшесі Ә.Сатбаев көшесімен қиылысқан жерінен бастап Абсаттар қажы көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралығы, М.Маметова, Аль-Фараби, Т.Бокин, Ы.Алтынсарин, Ә.Сатбаев, К.Көкебаева, А.Қожабаев көшелері толығымен, С.Сейфуллин көшесі С.Баубеков көшесімен қиылысқан жерінен бастап Т.Ташанов көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралығы, Әзімбай-ата көшесі А.Қожабаев көшесімен қиылысқан жерінен бастап Т.Ташанов көшесімен

қиылысқан жеріне дейінгі аралығы, Д.Қонаев көшесі Ошақты каналымен қиылысқан жерінен бастап Т.Ташанов көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралығының шығыс жағы, Т.Ташанов көшесі Д.Қонаев көшесімен қиылысқан жерінен бастап Ә.Сатбаев көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралығының солтүстік жағы, Жамбыл көшесі Ошақты каналымен қиылысқан жерінен бастап Т.Рысқұлов көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралығы, Жамбыл көшесінің № 1 өткелі, Т.Рысқұлов көшесі Ә.Сатбаев көшесімен қиылысқан жерінен бастап Жамбыл көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралығының солтүстік жағы.

№ 702 сайлау учаскесі

Орталығы: Абай ауылы, М.Артықов көшесі, нөмірсіз, № 110 жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: М.Артықов көшесі Д.Қонаев көшесімен қиылысқан жерінен бастап ауылдың шығыс шекарасына дейінгі аралығының оңтүстік жағы, Құрылыс, Бәйтерек, Б.Нұрлыбаев, А.Омаров, Қ.Сатпаев, М.Нархозиев, Б.Майлин, Қыш зауыты көшелері толығымен.

№ 703 сайлау учаскесі

Орталығы: Абай ауылы, М.Артықов көшесі, № 5, № 73 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясының ғимараты.

Шекарасы: Б.Стамбеков көшесі Д.Қонаев көшесімен қиылысқан жерінен бастап Б.Оспанов көшесіне дейінгі аралығы, Ә.Сөлкебайқызы, Б.Ермеков көшелері Б.Стамбеков көшесімен қиылысқан жерінен бастап М.Артықов көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралықтары, М.Әуезов, Абдрахман би көшелері, Б.Стамбеков көшесімен қиылысқан жерлерінен бастап оңтүстік жақтары, Алданазаров, Ә.Молдағұлова, Р.Мырзахметов, Жеңіс, Көктем, Игілік, Ақ алтын, Оңтүстік, Дәулет, Өркениет, Ә.Балтабаев көшелері толығымен, Д.Қонаев көшесі Б.Стамбеков көшесімен қиылысқан жерінен бастап М.Артықов көшесіне дейінгі аралығының батыс жағы.

№ 704 сайлау учаскесі

Орталығы: Абай ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, № 82, № 2 Абай аудандық мәдениет үйінің ғимараты.

Шекарасы: Д.Қонаев көшесі Ошақты каналынан бастап Т.Ташанов көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралығының батыс жағы № 6, 7, 8 өткелдерімен, Д.Қонаев көшесі Т.Ташанов көшесімен қиылысқан жерінен бастап Араншы каналына дейінгі аралығы № 4, 5 өткелдерімен, Т.Ташанов көшесі Д.Қонаев көшесімен қиылысқан жерінен бастап С.Сейфуллин көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралығының оңтүстік жағы, Әзімбай ата көшесі Т.Ташанов көшесімен қиылысқан жерінен бастап Т.Рысқұлов көшесіне дейінгі аралығы, Т.Рысқұлов көшесі А.Ергешов көшесімен қиылысқан жерінен бастап Р.Табылдиева көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралығы, Т.Рысқұлов

көшесінің № 6 өткелі, Ж.Шаяхметов көшесі Т.Ташанов көшесімен қиылысқан жерінен бастап С.Баубеков көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралығы, С.Апсиков, Қ.Әліқұлов, Ж.Абуов, Аяш-ата, Т.Бигелдинов, К.Байсеитова, Л.Жолдасов, Қойлыбаев, Бостандық көшелері толығымен, С.Баубеков көшесі Д.Қонаев көшесімен қиылысқан жерінен бастап Т.Бегманова көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралығы, Т.Ташанов көшесі Т.Бегманова көшесімен қиылысқан жерінен бастап Д.Қонаев көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралығы, Араншы көшесі Д.Қонаев көшесімен қиылысқан жерінен бастап С.Апсиков көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралығы.

№ 705 сайлау учаскесі

Орталығы: Біртілек ауылдық округі, Димитров ауылы, Дастан көшесі, № 7, № 118 Т.Бигелдинов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Димитров, Керегетас ауылдары толығымен.

№ 706 сайлау учаскесі

Орталығы: Біртілек ауылдық округі, Еңбекші ауылы, І.Әлімбаев көшесі, № 68 , № 119 Р.Әлібекұлы атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Еңбекші, Құрылыс ауылдары толығымен.

№ 707 сайлау учаскесі

Орталығы: Біртілек ауылдық округі, Жолбасшы ауылы, Көктем көшесі, № 76, № 117 Жолбасшы атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Жолбасшы, Көлтоған ауылдары толығымен.

№ 708 сайлау учаскесі

Орталығы: Біртілек ауылдық округі, Амангелді ауылы, Ұйымшыл көшесі, № 38, № 115 Көлтоған жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Амангелді ауылы толығымен.

№ 709 сайлау учаскесі

Орталығы: Біртілек ауылдық округі, Игілік ауылы, Сұңқар көшесі, № 31, № 116 Игілік жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Игілік, Шырылдақ, Жабай төбе ауылдары толығымен.

№ 710 сайлау учаскесі

Орталығы: Біртілек ауылдық округі, Біртілек ауылы, Б.Тәшімбетов көшесі, № 17, № 122 Еркіндік бастауыш мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Біртілек ауылы толығымен.

№ 711 сайлау учаскесі

Орталығы: Біртілек ауылдық округі, Аққорған ауылы, Ынтымақ көшесі, № 11 , № 114 Т.Бегманова атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Аққорған, Шұқырсай ауылдары толығымен.

№ 712 сайлау учаскесі

Орталығы: Қошқарата ауылдық округі, Бесқұбыр ауылы, С.Бегімбетов көшесі, № 1, № 77 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Бесқұбыр ауылы толығымен.

№ 713 сайлау учаскесі

Орталығы: Қошқарата ауылдық округі, 1 мамыр ауылы, Құрманғазы көшесі, № 14, № 83 1 мамыр жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: 1 мамыр, Шынар ауылдары толығымен.

№ 714 сайлау учаскесі

Орталығы: Қошқарата ауылдық округі, Қошқарата ауылы, Ө.Сауытбекұлы көшесі, № 9, № 79 З.Рустемов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Қошқарата, Ұшқын ауылдары толығымен.

№ 715 сайлау учаскесі

Орталығы: Қошқарата ауылдық округі, Аманжар ауылы, А.Байтұрсынов көшесі, № 1, № 81 Мақташы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Мақташы, Аманжар, Алғабас ауылдары толығымен.

№ 716 сайлау учаскесі

Орталығы: Қошқарата ауылдық округі, Жаңа қоныс ауылы, Н.Тілендиев көшесі, № 15, № 80 Н.Тілендиев атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Қара бура, Жаңа қоныс, Бесауыл ауылдары толығымен, Жамбыл ауылы С.Қожанов, Ш.Турсынбаев көшелері толығымен.

№ 717 сайлау учаскесі

Орталығы: Қошқарата ауылдық округі, Бәйтерек ауылы, Жеңіс көшесі, № 17-а, № 78 Қызыл ту жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Бәйтерек ауылы толығымен, Жамбыл ауылы Қарлығаш, Ұстаздар көшелері толығымен.

№ 718 сайлау учаскесі

Орталығы: Ошақты ауылдық округі, Ошақты ауылы, С.Мұханов көшесі, № 48, № 107 Абай атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Ошақты, Жетітөбе, Еңбек ауылдары толығымен.

№ 719 сайлау учаскесі

Орталығы: Ошақты ауылдық округі, Береке ауылы, Ж.Жақсыбеков көшесі, № 76, № 106 Д.Қонаев атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Береке, Саңырау, Ынталы ауылдары толығымен.

№ 720 сайлау учаскесі

Орталығы: Ошақты ауылдық округі, Қоңыртөбе ауылы, Ш.Айманов көшесі, № 18, № 105 Қоңыртөбе атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Қоңыртөбе, Сарыжылға ауылдары толығымен.

№ 721 сайлау учаскесі

Орталығы: Ошақты ауылдық округі, С.Саттаров ауылы, М.Ауезов көшесі, № 24, № 104 Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: С.Саттаров, Қаратал, Бақышсай ауылдары толығымен.

№ 722 сайлау учаскесі

Орталығы: Ошақты ауылдық округі, Жиделі ауылы, Д.Қонаев көшесі, № 64, № 103 Т.Рысқұлов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Жиделі, Атақоныс ауылдары толығымен.

№ 723 сайлау учаскесі

Орталығы: Бірлік ауылдық округі, Бірлік ауылы, Қажымұхан көшесі, № 5, № 100 Ә.Жанкелдин атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Бірлік, Қосөткел, Құйған, Ащысай ауылдары толығымен.

№ 724 сайлау учаскесі

Орталығы: Бірлік ауылдық округі, Жаңатіршілік ауылы, Х.Көбеев көшесі, нөмірсіз, № 101 Т.Белгібаев атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Жаңатіршілік, Үшағаш, Мәдениет ауылдары толығымен.

№ 725 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақтөбе ауылдық округі, Қызыләскер ауылы, Ы.Алтынсарин көшесі, № 18, № 89 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Қызыләскер, Көгертү ауылдары толығымен.

№ 726 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақтөбе ауылдық округі, Ғ.Мұратбаев ауылы, Береке көшесі № 1, № 93 Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Көкбұлақ, Ғ.Мұратбаев ауылдары толығымен.

№ 727 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақтөбе ауылдық округі, Бозсу ауылы, Жаңағасыр көшесі, № 107, № 94 Ленин атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Бозсу ауылы толығымен.

№ 728 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақтөбе ауылдық округі, Ынтымақ ауылы, Бейбітшілік көшесі № 2, № 91 М.Горький атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Ынтымақ ауылы толығымен.

№ 729 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақтөбе ауылдық округі, Жаңадәуір ауылы, Мектеп көшесі, № 59, № 90 М.Маметова атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Жаңадәуір ауылы толығымен.

№ 730 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақтөбе ауылдық округі, Жуантөбе ауылы, Ақдала көшесі, № 66, № 95 А.Оразбаева атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Жуантөбе, М.Горький ауылдары толығымен.

№ 731 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақтөбе ауылдық округі, Ескіқорған ауылы, Кеден көшесі, № 3, № 98 бастауыш мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Ескіқорған ауылы толығымен.

№ 732 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақтөбе ауылдық округі, Қаратөбе ауылы, Егемендік көшесі, № 109, № 92 Қ.Сатбаев атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Қаратөбе, Ақжар ауылдары толығымен.

№ 733 сайлау учаскесі

Орталығы: Бірлесу ауылдық округі, Қазақстан ауылы, А.Баржаксиев көшесі, № 28, № 87 Жуантөбе жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Қазақстан, Берекелі ауылдары толығымен.

№ 734 сайлау учаскесі

Орталығы: Жүзімдік ауылдық округі, К.Маркс ауылы, Б.Қалмаханов көшесі, № 86, № 86 Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: К.Маркс, Бірлесу, Оңтүстік, Канал ауылдары толығымен.

№ 735 сайлау учаскесі

Орталығы: Алпамыс батыр ауылдық округі, Ақжол ауылы, С.Қожанов көшесі, № 23, № 125 С.Қожанов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Ақжол ауылы толығымен.

№ 736 сайлау учаскесі

Орталығы: Алпамыс батыр ауылдық округі, Кауыншы ауылы, Б.Майлин көшесі, № 50, № 126 Б.Майлин атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Кауыншы ауылы толығымен.

№ 737 сайлау учаскесі

Орталығы: Ұшқын ауылдық округі, Ұшқын ауылы, Д.Қонаев көшесі, № 9, № 127 Т.Бердияров атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Ұшқын, Қоралас ауылдары толығымен.

№ 738 сайлау учаскесі

Орталығы: Бозай ауылдық округі, Бозай ауылы, Қазыбек би көшесі, № 20, Бозай ауылдық мәдениет үйінің ғимараты.

Шекарасы: Бозай, Тентексай, Шолан-төбе, Тартоғай ауылдары толығымен.

№ 739 сайлау учаскесі

Орталығы: Жамбыл ауылдық округі, Бекбота ауылы, Жамбыл көшесі, № 65, Бекбота ауылдық мәдениет үйінің ғимараты.

Шекарасы: Бекбота, Майда Бозай, Байғабыл ауылдары толығымен.

№ 933 сайлау учаскесі

Орталығы: Сарыағаш қаласы, Т.Тұрсынқұлов көшесі, нөмірсіз, 2020 әскери бөлімінің ғимараты.

Шекарасы: 2020, 9824 әскери бөлімдері.

№ 944 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақжар ауылдық округі, Ақжар ауылы, Д.Қонаев көшесі, № 15, Ақжар ауылдық мәдениет үйінің ғимараты.

Шекарасы: Ақжар ауылы Береке, Бірлік, Ынтымақ, Ақорда, Абай, Амангелді, Тұран, 8-наурыз, М.Сманов, Д.Қонаев, Т.Рысқұлов, А.Байтұрсынов, Бегалы ата, Қажымұхан, О.Еспенбетов көшелері толығымен.

№ 945 сайлау учаскесі

Орталығы: Қызылжар ауылдық округі, Қызылжар ауылы, Ахмет-би көшесі, нөмірсіз, № 137 жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Қызылжар ауылы Құрманғазы, Е.Арзықұлов, Мүсірәлі-ата, Ө.Бөртебаев, О.Оралбаев, Тойбек-ата, М.Маметова, Жайлаубай-ата, Достар, И.Сағынұлы, Әйтеке-би, Қазыбек-би, П.Тайшыұлы көшелері толығымен, Ахмет би көшесі № 1-53 үйлер, Пошан Датқа көшесі № 1-24 үйлер, Х.Оралов көшесі № 1-112 үйлер.

№ 947 сайлау учаскесі

Орталығы: Дербісек ауылдық округі, Атамекен ауылы, № 64 А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Атамекен, Ұйымшыл ауылдары толығымен.

№ 948 сайлау учаскесі

Орталығы: Жемісті ауылдық округі, Тың ауылы, М.Маметова көшесі, № 19, № 46 Т.Тоқтаров атындағы негізгі орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Тың ауылы толығымен.

№ 949 сайлау учаскесі

Орталығы: Қабланбек ауылдық округі, Қабланбек ауылы, О.Жәутіков көшесі, № 33-а, № 55 О.Жәутіков атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Қабланбек ауылы Әділет, Төле би, Навоий, Бейбітшілік, О.Жәутіков, Қазыбек би, Бау, Т.Айбергенов, Ш.Қалдаяқов, И.Тыщенко, М.Өзтүрік, Татулық, А.Валиев көшелері толығымен.

№ 950 сайлау учаскесі

Орталығы: Қабланбек ауылдық округі, Ақниет ауылы, Күншуақ көшесі, нөмірсіз, № 29 Ұлықбек атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Ақниет ауылы толығымен.

№ 951 сайлау учаскесі

Орталығы: Сарыағаш қаласы, Әйтеке би көшесі, № 160, № 5 С.Ысмайылов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Жібек жолы, Б.Майлин, 8-наурыз, Әл-Фараби, Құрманғазы, Ш.Қалдаяқов, І.Жансүгіров, Т.Өстеміров, Д.Нүрпейсова, М.Мақатаев, С.Торайғыров, Жас Гвардия, М.Жолдасов, Т.Рысқұлов, Т.Айбергенов, Т.Бокин

көшелері толығымен, С.Дүйсебайұлы көшесі № 40 көп қабатты үй, Көктөбе шағын ауданы Байтерек көшесі толығымен, Мөлтек шағын ауданы көп қабатты тұрғын үйлер толығымен.

№ 952 сайлау учаскесі

Орталығы: Дарбаза ауылдық округі, Ердәуіт ауылы, № 65 52 разъезд негізгі орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Ердәуіт ауылы толығымен.

№ 953 сайлау учаскесі

Орталығы: Жылға ауылдық округі, Шымырбай ауылы, Тәуелсіздік көшесі, № 21, № 41 А.Асанов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Шымырбай, Қызыласу ауылдары толығымен.

№ 954 сайлау учаскесі

Орталығы: Құркелес ауылдық округі, Алғабас ауылы, А.Айтбайұлы көшесі, нөмірсіз, № 48 І.Жансүгіров атындағы негізгі орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Алғабас ауылы толығымен.

№ 955 сайлау учаскесі

Орталығы: Құркелес ауылдық округі, Дастан ауылы, Төлеби көшесі, № 14, № 136 негізгі орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Дастан, Ақ үй ауылдары толығымен.

№ 956 сайлау учаскесі

Орталығы: Құркелес ауылдық округі, Нұрлы жол ауылы, А.Айқынбеков көшесі, нөмірсіз, № 50 Б.Омаров атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Нұрлы жол ауылы толығымен.

№ 957 сайлау учаскесі

Орталығы: Құркелес ауылдық округі, Жаңа талап ауылы, А.Оразбаева көшесі, нөмірсіз, № 19 А.Оразбаева атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Жаңа талап, Жылысу ауылдары толығымен.

№ 958 сайлау учаскесі

Орталығы: Жарты төбе ауылдық округі, Достық ауылы, С.Рахимов көшесі, нөмірсіз, № 59 жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Достық ауылы Б.Бердімұратов көшесі № 20-41 үйлер, Төлеби, С.Рахимов, Бозай, М.Жұмабаев, № 4, 5 көшелер толығымен.

№ 959 сайлау учаскесі

Орталығы: Жарты төбе ауылдық округі, Төңкеріс ауылы, Абылайхан көшесі, нөмірсіз, № 68 Т.Оспанов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Төңкеріс ауылы толығымен.

№ 960 сайлау учаскесі

Орталығы: Жарты төбе ауылдық округі, Ынтымақ ауылы, О.Ермұхамедұлы көшесі, нөмірсіз, № 8 С.Айни атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Ынтымақ ауылы Ж.Асатов, Т.Сейтқасымов, С.Сейфуллин, О.Ермұхамедұлы, Е.Жүнісов, С.Айни, Жаңа шахар көшелері толығымен, Абай көшесі № 1-25 үйлер.

№ 961 сайлау учаскесі

Орталығы: Ұшқын ауылдық округі, Достық ауылы, Береке көшесі, № 6, № 138 жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Достық ауылы толығымен.

№ 962 сайлау учаскесі

Орталығы: Тегісшіл ауылдық округі, Тегісшіл ауылы, Ш.Ибрагимов көшесі, нөмірсіз, № 34 Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Тегісшіл ауылы толығымен.

№ 963 сайлау учаскесі

Орталығы: Абай ауылы, Т.Рыскулов көшесі, № 105, № 13 колледжінің ғимараты.

Шекарасы: Т.Рысқұлов көшесі А.Ергешов көшесімен қиылысқан жерінен бастап соңына дейінгі аралығы, А.Ергешов, К.Нишанов, Б.Оспанов, Н.Акишев, Н.Жуматаев, Т.Тумышев, С.Малдыбеков, М.Юсупов, З.Рүстемов, Е.Тоғызбайұлы, Т.Есенов, Қожамберді батыр, Отан, Ынтымақ, Мәдениет көшелері толығымен, Құрманғазы көшесі №3 өткелімен қоса толығымен, Т.Бегманова көшесінің шығыс жағы, Ә.Сөлкебайқызы, М.Әуезов, Абдрахман би көшелері Б.Стамбеков көшесімен қиылысқан жерінен бастап Араншы каналына дейінгі аралығы, Араншы көшесі Д.Қонаев көшесімен қиылысқан жерінен бастап Құрманғазы көшесінің № 3 өткеліне дейінгі аралығы.

№ 964 сайлау учаскесі

Орталығы: Абай ауылы, Б.Қырғызалиев көшесі, нөмірсіз, № 74 Ж.Баласағұн атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Абай көшесі Д.Қонаев көшесімен қиылысқан жерінен бастап Сұрым арығына дейінгі аралығы және Асанқайғы көшесіне дейінгі аралығының оңтүстік жағы, Абай көшесінің № 1 өткелі, Жамбыл көшесі Араншы каналымен қиылысқан жерінен бастап М.Артықов көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралығы, Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би, Асан қайғы, Б.Қырғызалиев, Р.Махатова, Алпамыс батыр, Абылай хан, Наурыз, Е.Хадекешов, Ырысты, Тәуелсіздік, Р.Ахметов, Тұран көшелері толығымен, Ә.Жылқышиев гүлзары толығымен, Б.Стамбеков көшесі Сұрым арығынан бастап Д.Қонаев көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралығы, М.Артықов көшесі Д.Қонаев көшесімен қиылысқан жерінен бастап ауылдың шығыс шекарасына дейінгі аралығының солтүстік жағы, Д.Қонаев көшесі М.Артықов көшесімен қиылысқан жерінен бастап Араншы каналына дейінгі аралығының шығыс жағы № 1 және 2 өткелдерін қоса.

№ 965 сайлау учаскесі

Орталығы: Абай ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, № 4, № 75 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Т.Рысқұлов көшесі Р.Табылдиева көшесімен қиылысқан жерінен бастап Ә.Сатбаев көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі және Жамбыл көшесінен бастап ауылдың шығыс шекарасына дейінгі аралықтары № 1, 2, 3, 4 өткелдерімен, Ә.Жангелдин, Т.Медеубеков, Амангелді, Араншы, Р.Табылдиева, Абсаттар қажы, Е.Бахтыбаев, Ешан-ата, Қажымұқан, Атамекен, Егеменді көшелері толығымен, Жамбыл көшесі Т.Рысқұлов көшесімен қиылысқан жерінен бастап Араншы каналына дейінгі аралығы, Абай көшесі Сұрым арығынан бастап Жамбыл көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралығының солтүстік жағы, С.Сейфуллин көшесі Т.Ташанов көшесімен қиылысқан жерінен бастап Ә.Жангелдин көшесімен қиылысқан жеріне дейінгі аралығы, Т.Ташанов көшесі С.Сейфуллин көшесімен қиылысқан жерінен бастап Ә.Сатбаев көшесіне дейінгі аралығының оңтүстік жағы.

№ 966 сайлау учаскесі

Орталығы: Бірлесу ауылдық округі, 28-гвардия ауылы, Қабанбай батыр көшесі, № 40, № 88 А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: 28-гвардия, Дихан ауылдары толығымен.

№ 967 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақтөбе ауылдық округі, Құйған ауылы, Қазына көшесі, № 26, № 99 Октябрь жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Қияжол, Құйған ауылдары толығымен.

№ 968 сайлау учаскесі

Орталығы: Жамбыл ауылдық округі, Ащыкөл ауылы, Бейбітшілік көшесі, нөмірсіз, № 132 Н.Шойбеков атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Ащыкөл, Қалғансыр ауылдары толығымен.

№ 969 сайлау учаскесі

Орталығы: Көктерек кенті, Келес көшесі, № 37, Сарыағаш емдеу-оңалту кешенінің ғимараты.

Шекарасы: Сарыағаш, Береке-7, Арман, Ақжайық, Айша бибі, ОКСИ, Арай комфорт, Жансая, Жетісу, Алтын бұлақ, Көктерек, Маржан-су, Айғасыр, Әсел, Керуен сарай, Сая, Алтынай, Қазақстан КЗ, Сарыағаш суы, Мөлдір бұлақ, Мақсат-шипа шипажайлары.

№ 970 сайлау учаскесі

Орталығы: Абай ауылы, Б.Қырғызәлиев көшесі, № 27-а, "Абай" Сарыағаш аудандық ауруханасының ғимараты

Шекарасы: "Абай" Сарыағаш аудандық ауруханасының аумағы.

№ 971 сайлау учаскесі

Орталығы: Сарыағаш қаласы, Қ.Тасбалтаев көшесі, Сарыағаш аудандық ішкі істер басқармасының ғимараты.

Шекарасы: Сарыағаш аудандық ішкі істер басқармасы.

№ 1005 сайлау учаскесі

Орталығы: Дарбаза ауылдық округі, Дарбаза ауылы, Егемен Қазақстан көшесі, № 54, № 139 жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Дарбаза ауылы Егемен Қазақстан, Жамбыл, Т.Аубакиров, Бейбітшілік, Құрманғазы, С.Ерубасев, С.Мұқанов, З.Мырзалиев, Т.Тоқтаров, Б.Момышұлы, Ш.Қалдаяқов, Ә.Жанкелдин, М.Төлебаев, Ш.Берсиев, И.Сейтбеков көшелері толығымен, Құрсай ауылы толығымен.

№ 1006 сайлау учаскесі

Орталығы: Құркелес ауылдық округі, Жаңа арық ауылы, С.Ерубасев көшесі, № 7, № 67 Ә.Тәжібаев атындағы бастауыш мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Жаңа арық ауылы толығымен.

№ 1067 сайлау учаскесі

Орталығы: Жібек жолы ауылдық округі, Жібек жолы ауылы, Ұлан көшесі, нөмірсіз, 32039 әскери бөлімінің ғимараты.

Шекарасы: 32039, 10216-И әскери бөлімдері.

№ 1068 сайлау учаскесі

Орталығы: Сарыағаш қаласы, Кескен көшесі, нөмірсіз, Сарыағаш аудандық туберкулезге қарсы диспансерінің ғимараты.

Шекарасы: Сарыағаш аудандық туберкулезге қарсы диспансері.

№ 1069 сайлау учаскесі

Орталығы: Сарыағаш қаласы, Қ.Монтаева көшесі, № 7, № 123 Самал жалпы орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Телемұнара шағын ауданы С.Тұрлыбаев, № 1-5 көшелер толығымен, Самал-1 шағын ауданы Қ.Монтаева, Жеңістің 65 жылдығы, Қ.Кұттыбеков, М.Мамедалиев, О.Тұрлыбаев, Ж.Жамансариев, М.Бейсенов, С.Естемесұлы, № 3 көшелер толығымен, Самал-2 шағын ауданы № 1-8 көшелер толығымен, Самал-3 шағын ауданы № 1-34 көшелер толығымен.